

## Халықтың нысаналы топтарын белгілеу және 2008 жылы оларды жұмысспен қамтумен әлеуметтік қорғалуына жердемдесу жөніндегі қосымша шаралар туралы

### **Күшін жойған**

Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімиятының 2008 жылғы 8 сәуірдегі N 422/10 қаулысы. Павлодар облысы Павлодар қаласының Әділет басқармасында N 112 тіркелген. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімиятының 2009 жылғы 16 қаңтардағы N 24/1 қаулысымен.

**Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімиятының 2009 жылғы 16 қаңтардағы N 24/1 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 13), 14)-тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмысспен қамту туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабы 2-тармақшасына сәйкес Павлодар қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Павлодар қаласының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың тізбесі жұмыссыз азаматтардың мынадай санаттарымен толықтырылсын:

1) дәрігерлік - консультациялық комиссияның анықтамасы бойынша еңбекке шектеулігі бар тұлғалар;

2) 50 жастан асқан әйелдер;

3) 55 жастан асқан ерлер;

4) толық 24 жасқа дейінгі оқу мекемелерінің тұлектері;

5) ұзак уақыт (бір жылдан аса) жұмыс істемеген тұлғалар;

6) отбасында бір де бір жұмыс істейтін адамы жоқ тұлғалар;

7) 5 жасқа дейінгі балалары бар әйелдер;

2. Халықтың нысаналы топтарынан жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар анықталсын:

1) толық мөлшерде төлеумен ең төмен жалақыдан кем емес қоғамдық жұмыстарға жіберілген мүгедектерге; дәрігерлік - консультациялық комиссияның анықтамасы бойынша еңбекке шектеулігі бар тұлғаларға; 14 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған жалғызлікіті аналарға; кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған көп балалы аналарға; асырауында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет ететін тұлғалары бар азаматтарға; зейнеткерлік

алдындағы жасқа келген тұлғаларға (жасы бойынша зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған); 5 жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге ыңғайлыштың кесте (толық емес жұмыс аптасы немесе толық емес жұмыс күні) енгізілсін.

2) зейнеткерлік алдындағы жасқа келген (зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) тұлғалар үшін қоғамдық жұмыстарға қатысу мерзімі олардың зейнеткерлік жасына келуіне дейін ұзартылсын;

3) зейнеткерлік алдындағы жасқа келген тұлғалардан (зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) басқа, дәрігерлік - консультациялық комиссияның анықтамалары бойынша еңбекке шектеулігі бар тұлғаларға, мүгедектерге қоғамдық жұмыстарға қатысу мерзімі алты айдан бір жылға дейін белгіленсін;

4) нысаналы топтағы жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыз еткен жұмыс берушілермен жергілікті бюджеттің қаражатынан бір жақты тәртіппен төлеумен қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру бойынша келісім-шарттар жасалсын;

5) оку мерзімінде қоғамдық көлікте жүргуге, тамаққа арналған шығындарды қоса алғанда жұмыссыз азаматтарды кәсіптік оқытуға қаланың оку орындарымен келісім-шарттар жасалсын. Кәсіби окуға арналған ақы курстардағы окуға қатысқан нақты уақытқа жұмыс уақытын есепке алудың табелдеріне сәйкес жүргізілсін.

3. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шараларды іске асыруды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі орынбасарының міндетін атқарушы С. Д. Асановқа жүктелсін.

*Павлодар қаласының әкімі*                           *Б. Демеуов*